

Ресейдің Осман империясындағы арнайы өкілі П.А.Левашовтың дипломатиялық қызметі.

Асылбекова Ж. М-А. т.ғ.д., доцент,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Алматы қ. asylbekova777@mail.ru

Абдукадыров Н.М. эл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-нің PhD докторанты.
Алматы қ. nurjigit.85.kanuni@mail.ru

Жалпы, XVIII ғасыр Ресей мен Осман империясы арасындағы сыртқы саяси шиеленістерге толы болған ғасыр. Бұл ғасырда геосаяси мәселелерге байланысты екі империя арасында бірнеше соғыстар болып, екі мемлекет кезек-кезек жеңіске жетіп отырды. Ал, саяси текетірестің барлығы Ресейдің Оңтүстік-Батысқа қарай, дәлірек айтқанда, әуелі Кавказ территорияларына, одан соң Қара теңізге өтіп және сол арқылы Жерорта теңізіне шығу жоспарларынан туындаған еді. Бұл уақытта ішкі және сыртқы саясат пен экономикада құлдырау процесін бастан кешіріп жатқан Осман империясының осы аймақтағы территорияларын иеленіп қалу Ресей үкіметін қатты алаңдатты. Соның негізінде, император І Петрдің 1711 жылы Прут соғысында Осман империясынан жеңіліп қалуынан кейін одан сайын шиеленісе түскен орыс-түрік қатынастары І Петрден кейінгі билеушілердің кезінде өз жалғасын тапты [1, 45-46 б.б.]. XVIII ғасырда, Осман империясы мен Ресей арасындағы сыртқы саяси шиеленістер, ІІ Екатеринаның тұсында қыза түсті. Аталған геостратегиялық жоспарларды жүзеге асыру мақсатында, Ресей үкіметі Осман империясымен бір жағынан соғысқа шығып отырса, екінші жағынан оның ішкі саяси жағдайы мен экономикалық әлеуеті туралы ұдайы хабар алып тұру үшін ол жаққа үнемі елшілер жіберіп отырды. Орыс елшілері екі мемлекет арасында туындаған саяси тартыстарға қарамастан, Стамбулда Ресей үкіметінің мүддесі үшін жұмыс істеді. ІІ Екатерина тұсында 1763-1768 жылдары Стамбулда қызмет еткен Ресей үкіметінің арнайы және сенімді өкілдерінің бірі П.А.Левашов болды.

Осы ретте Осман империясы мен Ресей арасындағы байланыстар сферасы мен уақыт ағымына қарай орын алған тарихи кеңістікті суреттейтін болсақ, бұл уақытта екі мемлекеттің бірнеше ғасырлық көршілестігі нәтижесінде бір-бірінің мемлекеттік-саяси құрылысы, шаруашылық, қоғамдық және мәдени өміріне деген қызығушылығының артуы, XVIII ғасырда орыс-түрік қарым-қатынастарының басты формасы екендігін айқындап берді. XVIII ғасырда Ресей үшін Осман империясының тарихы мен мәдениеті, тілі мен діні, ішкі саясаты мен экономикасы және империяның әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтерді білу Ресей үшін өте маңызды болды. Өзінің Еуразия кеңістігіндегі басты қарсыласы ретінде таныған Осман империясының аталған қоғамдық өмірдің салалары бойынша танып білу үшін Осман империясындағы Ресей елшілігіне дипломаттармен бірге өкілдер, тыңшылар, тіпті ғалымдар да

жіберіліп жатты. Бұл кезеңге, яғни XVIII ғасырға дейін Ресейде Осман империясы жайлы мәліметтердің негізгі дерек көздері Осман империясындағы христиандар мен империя территориясындағы христиандық киелі орындарға қажылық жасаушылардың жолаушы хаттары, көпестер мен саудагерлердің және түрік жорықтарына қатысушылардың ауызша әңгімелерінде көрініс тауып, сол арқылы жетіп отырды [2, 75-77 б.б.].

XVIII ғасыр, екі мемлекет арасындағы қатынастар тарихындағы үлкен бетбұрысты кезеңге айналды. Екі мемлекеттің қатынастар тарихында көптеген тарихи оқиғалар орын алды. Империялар арасындағы шиеленіскен жағдайлар мен ішкі және сыртқы саясатта орын алған мәселелерге, сондай-ақ, Осман империясымен байланыстардың ресми түрде үзілуіне қарамастан, Ресей дипломатиясы Осман империясын көзден тасада қалдырмады. Өйткені, Ресейдің империялық саясатына негізделген геосаяси жоспарларын жүзеге асыруда орыс әскерінің күші жетпей қалған жағдайда, орыс дипломатиясы екі жақты табыстыра алатын басты құрал болып табылды. Бір сөзбен айтқанда Ресейдің Осман империясының территорияларына тереңдей енуінде орыс дипломатиясының Ресей үшін маңызы өте зор болды. XVIII ғасырда орыс-түрік соғыстары мен еуропалық империялармен саяси тартысқа түсудің және ішкі саясат пен экономиканың артта қалуының салдарынан Осман империясында туындаған құлдырау процесі барысында, бір жағынан Ресей үкіметі тарапынан Осман империясына қарсы әскери-саяси әрекетті күшейтіліп жатқанда, екінші жағынан орыс қоғамының Осман мемлекетінің өмірінің барлық қырларына, оның өткені мен бүгініне деген қызығушылығын ынталандыра алған орыс-түрік дипломатиялық қатынастары жандана түсті [3, 48-50 б.б.]. Ресей дипломаттары орыс-түрік қоғамының бір-бірімен араласуына, екі империя халықтарының бір-бірінің территорияларында емін-еркін жүріп-тұруына жағдай жасағанымен, Ресей дипломатиясының Осман империясына деген қызығушылығы бірінші кезекте оның сыртқы саяси мәселелерімен тығыз байланысты болған. Себебі, бұл уақытта Ресейдің Кавказ, сонымен қатар Орталық Азия, оның басты негізі қазақ далаларының көшпенділеріне ықпалдығы күшейді, Орта Азияға, одан ары қарай Үнді еліне ену жоспарлары пайда болды. Ресейдің Азияға дипломатиялық және әскери қадам басуы, сөзсіз Шығыс аймаққа деген қалт етпейтін бақылау жағдайын тудырды. Осыған байланысты, Ресей Осман империясына төтенше және өкілетті елшілерімен қоса, өзінің сенімді өкілдерін де арнайы миссиялармен жіберіп отырды.

Стамбулдағы орыс дипломатиялық миссиясының мүшесі, Сыртқы істер Мемлекеттік коллегиясында болған және 1763 жылы Стамбулдағы сыртқы істер бойынша сенімді өкілі болып тағайындалған Павел Артемьевич Левашовтың Осман империясының ішкі жағдайын білу үшін бекітілген тапсырмасы мен бұл жолда П.А.Левашовтың атқарған қызметі Ресей үшін өте маңызды болды. П.А.Левашов 1863-1868 жылдары Ресейдің Осман империясындағы елшілігі құрамында арнайы өкіл ретінде қызмет етіп, өзінің дипломатиялық шеберлігінің арқасында Ресей үшін маңызды болған мәселелерге араласты. Елшіліктің құрамына қабылданған кезден бастап-ақ, өзінің айрықша белсенділігімен танылды. Замандастары П.А.Левашовты түрік

және қырым істерінің нағыз маманы ретінде санады. Ол Осман империясының тарихы, мәдениеті, ішкі саясаты мен экономикасына және мемлекеттің әлеуметтік жағдайына қатысты бірнеше шығармалар жазып қалдырған [4, 74-75 б.б.]. Олар сол кезде Ресейді қызықтырған мәселелердің кең ауқымын қамти отырып, Осман империясында қоғамдық өмірдің, дәстүрлер мен мәдениеттердің қандай деңгейде екендігін және конфессиялық ерекшеліктері қандай сипатта болғандығы жайында мол ақпарат береді. Сонымен қатар, П.А.Левашовтың Ресейге үздіксіз жіберіп отырған хаттары, есептері, шығармалары, II Екатерина кезеңдегі Ресейде Осман империясы жайлы білімдер мен ізденістердің жинақталғандығын және жүйеленгендігін дәлелдейтін бағалы тарихи дерек болып табылады.

П.А.Левашовтың Осман империясы қоғамдық өмірі жайлы жазып қалдырған шығармалары мен Осман империясы туралы Ресей үкіметіне берген есептеріне қарай отырып, оның туған уақыты мен дипломаттың өмірі мен қызметі жайлы көптеген мәліметтер таба аламыз [5, 156-157 б.б.]. Өзінің жазып қалдырған естеліктері бойынша, П.А.Левашов аумақты дворян тұқымынан шыққан. Оның әкесі Ресейдің Сыртқы істер Коллегиясының құрамында қызмет атқарған. Әкесі шет тілдерін жақсы меңгергендіктен, өз ұлына шет тілдерін үйреткен және шет тілдері туралы жақсы білім бере алған. Соның негізінде, П.А.Левашов итальян, француз, неміс тілдерін жақсы меңгерген. Шет тілдерін білу оның іскерлік карьерасының екпінді дамуына көмектесті. Ол 1737 жылы алғаш рет әскери қызметке тұрды [6, 112-113 б.б.].

1750 жылы канцлер граф А. П. Бестужев-Рюмин оны Әскери Коллегиадан сыртқы істер Коллегиясына шақыртып, ауыстырып алды. 1751 жылы П.А.Левашов Копенгагенге Ресей елшілігіне капитан шенімен жіберілді. Бұдан соң көп ұзамай, Швециядағы Ресей елшілігінің құрамына ауыстырылады. Ол Стокгольмде шведтік сарайдағы төтенше уәкіл граф Панинге қызмет етіп, кейіннен Орталық Еуропадағы елшіліктерге қызметке ауысады. Дрезденде, поляк королі тұсындағы елші граф Кейзерлинг тұсында “министрлік канцелярияда” қызмет атқарды. Граф Кейзерлинг нөкерлігі құрамында ол Венаға келіп, алдымен «елшілік кавалері», кейіннен «елшілік кеңесшісі» ретінде жұмыс істеді. 1761 жылғы сәуірден 1762 жылдың мамырына дейін - П.А.Левашов Регенсбургте Германия императорлық жиналысында «Ресей сарайы министрі» (яғни, толық құқылы елшісі) болып тағайындалады. Кейін дипломатиялық ведомство қызметінде қалып, екі жылдай уақытын Петербургте өткізеді. 1763 жылы 19 тамызда П.А.Левашов Стамбулда елшілік құрамына арнайы істер бойынша сенімді өкілі қызметіне тағайындалып, оның елшілік карьерасындағы келесі бір кезең басталды. 1863-1868 жылдары П.А.Левашов Осман империясындағы Ресей елшілігінің құрамына арнайы миссияларды орындау үшін жіберілгенімен, ол онда маңызды қызметтерді атқаруға кірісіп, соның негізінде кей деректерде ол Осман империясындағы Ресейдің елшісі деп көрсетіледі. Алайда, оның Стамбулға келісімен-ақ, Осман империясының реис-эффендиі (сыртқы істер министрі) тарапынан П.А.Левашовтың тез арада Петербургке қайтарылуын талап етілді. Алайда, бұл талап Ресей үкіметі тарапынан орындалмады. Осыған байланысты, осман үкіметі П.А.Левашовтың

Стамбулдағы қызметіне кедергі келтіріп, үнемі оның жолын кесіп отырды. Тіпті біраз уақыт бойы қамауда ұстап, оның қызметтеріне шектеу қойып тастаған [7, 115-116 б.б.].

Стамбулдағы орыс елшілігінің құрамында болған П.А.Левашов, өзінің алдынан шығып отырған мұндай кедергілерге қарамастан, үнемі Ресейге Осман империясының ішкі жағдайы туралы мәлімет жіберіп отырумен шұғылданды. Өйткені, жоғарыда атап өткеніміздей, бұл кезде Осман империясы туралы алынған әрбір мәлімет Ресей үшін өте маңызды еді. Себебі, бұл уақытта Ресей Осман империясымен 1868-1874 жылдары болып өткен келесі бір соғысқа дайындалып жатыр еді. Ол сол кездегі Стамбулдағы орыс елшісі А.М.Обресковтың айналасында жүріп, елшілер мен басқа да дипломаттардан бөлек Ресей үкіметіне арнайы ақпараттарды жіберіп отырды. П.А.Левашов шет тілдерін жақсы меңгергендіктен, оған еуропалық дипломаттармен сұхбат жүргізіп, еуропалық империялардың Осман империясына деген саяси көзқарасын және орыс-түрік қатынастарына ұстанған саяси позицияларын білу тапсырылды. Ол бұл істермен үздіксіз шұғылданды. Ресей сыртқы істер министрлігі оның бұл істерін барынша қолдап, оған арнайы жалақылар тағайындап отырған. П.А.Левашовтың мұндай әрекеттеріне байланысты Ресей сыртқы істер министрлігі оның тыңшылық және дипломатиялық қызметін кейде Стамбулдағы Ресейдің өкілетті елшісінің қызметімен бірдей бағалады. Алайда, оның тыңшылық және дипломатиялық әрекеттері ұзаққа созылмай, оның тыңшылық әрекеттері осман үкіметі тарапынан әшкереленіп, көп ұзамай ол қамауға алынды. Жоғарыда атап өткеніміздей, П.А.Левашовтың Ресейге кері қайтарылуы туралы талаптар қайта көтеріле бастады. Соның негізінде П.А.Левашовтың тыңшылық әрекеттері кедергіге ұшырады [8, 42-45 б.б.].

Нақтырақ айтқанда, П.А.Левашовтың Осман империясының астанасындағы дипломатиялық әрекеттері сәтсіз өтіп жатты. Осман үкіметі П.А.Левашовты Стамбулдағы Ресей елшілігінің мүшесі ретінде ресми түрде мойындаған жоқ. Осыған байланысты, ақыры П.А.Левашов, 1768 жылы, Стамбулдағы орыс елшісі А.М.Обресковтың басшылығындағы орыс дипломаттарымен бірге Едикулеге* түрмеге қамалды. Айта кетерлік жәйт, П.А.Левашов түрмеге қамалған кезде, елшілік істерінде қызмет етіп жүріп, осында қамалған отандастарының барлығының жазасын өз мойнына алады. Өз өмірін қатерге тіккеніне қарамастан, ол осы оқиғалар жөнінде шифрленген хабарламаларды өзінің сенімді адамдары арқылы Ресейге жеткізіп үлгерді. Ол бұл ақпараттарды Киев генерал-губернаторы Воейков пен Варшавадағы орыс елшісі князь Репнин арқылы Ресейге жеткізді. П.А.Левашов түрмеге жабылған соң, іле-шала елшіліктің біраз адамдары Осман империясының заңдары бойынша кінәлі деп табылып, олар да түрмеге жабылды [8, 90-92 б.б.]. Олар тек 1771 жылдың мамырында азат етілген.

1771 жылы 15 қарашадағы Екатерина II атаулы жарлығы бойынша П.А.Левашовқа статистикалық басқару ісінің кеңесшісі шені тапсырылды.

* Едикуле – Осман империясының астанасы Стамбулдағы Жеті мұнаралы қорған. Мұнда осман үкіметіне қайшы қызмет еткен шетелдік елшілер мен дипломаттар және үкімет адамдары түрмеге жабылатын болған.

Алайда, сыртқы істер коллегиясының арнайы құрамы тізімінде Оны Ұлы Императордың арнайы жарлығы бойынша аталмыш шенге тағайындап, соның негізінде бұрынғысынша сыртқы істер коллегиясында қалуы ұйғарылғанымен, марапаттау жайлы ештеңе де көрсетілмеген. Оның тек таңбасы ғана сақталған [9, 77-78 б.б.]. Сыртқы істер коллегиясында қызметте жүріп ол тілмаштар дайындаумен айналысты. 1768 жылы Осман империясы мен Ресей арасында басталған соғысқа белсене араласты. Бұл соғыс барысында ол осман империясының ішкі экономикалық әлеуетінің қандай деңгейде екендігін білуде маңызды әрекет жасады. Ол екі жақтың саяси және экономикалық күштерін салыстыра отырып, бұл соғыста Ресей үкіметін жеңіске жетуіне сендірді. Себебі, ол Осман империясының ішкі және сыртқы саяси жағдайын білетін еді. Бірнеше рет Г.А.Потемкинмен және оның көмекшілерінің бірі В.С.Поповпен кездесті, В.С.Попов пен Г. А. Потемкин басшылығы кезінде «Одесса қаласының коммерция бөлімі дирекциясының» басшылығына тұруына үміт артты [10, 10-11 б.б.]. 1774 жылы маусымда Кучук-Кайнарджа бейбітшілік келісіміне қол қойылған соң П.А.Левашов жұмыстан шығады. Қызметін аяқтап, ол Могилев губерниясындағы өз помещиктік жер иелігінде қоныс тебеді. Ол мұнда граф А.Р.Воронцовпен хат алмасады, өз жазбаларын жариялаумен айналысады. Алайда, П.А.Левашов өмірінің соңғы жылдары бақытсыз ғұмыр кешті. Сарай өміріне сіңісе алмады, қызметі мол табыс әкелмеді, жарияланған кітаптары құнына қарай бағаланбады, туыстарынан алыстады. Өмірінің соңғы кездерінде бойынан қуат кетіп, осындай қиын жағдайда қалған П.А.Левашов 1820 жылы қайтыс болады [11, 37-38 б.б.].

П.А.Левашов, Ресейдің Осман империясындағы елшілігі құрамында арнайы өкілдік қызметін атқара жүріп, көптеген ғылыми маңыздылығы бар шығармалар жазып қалдырды. Оның еңбектері, сол уақытта бағаланбағанымен, қазіргі таңда Ресей тарихшыларының бағалауы бойынша, П.А.Левашовтың естеліктері мен шығармалары Осман империясы мен Ресей арасындағы сыртқы саяси байланыстар тарихына қатысты құнды дерек болып есептеледі. П.А.Левашов өзінің Осман империясындағы қызметі кезінде және одан кейінгі жылдарында «Царьград хаттары» деп аталатын үлкен көлемде шығарма жазып қалдырды. Онда негізінен П.А.Левашовтың мемуарлары, түрлі ғылыми шығармалары Ресей үкіметіне жазған хаттары жинақталып басылған. П.А.Левашов бұл еңбектің алғысөзінде мұны жазудағы мақсатын көрсете отырып, онда түріктердің күші мен байлығы жайында әңгімелейтіндігін сол сияқты ұлттық болмысы мен менталитетін баяндайтындығы туралы жазады [12, 36 б.]. Орта ғасырлар мен жаңа заманда Ислам әлемінде саяси және рухани лидерлікке ие болған ғаламат державада (Осман империясын айтып тұр) XVIII ғасырға келіп, орын алған саяси-экономикалық дағдарыстың куәгері болған ол, қаржылық және сарай маңы өмірін ғана сипаттаумен шектелместен, қара бұқара өмірін, христиан шіркеуінің орнын, т.б. мәселелерді тыс қалдырмай, Осман империясының тарихы мен сол кездегі толық жағдайын бейнелеуге беруге ұмтылды. Төменде жарияланатын бұл шығарманың үзіндісі орыс дипломатының күнделікті тұрмыс жазушысы ретінде дарындылығын көрсетеді.

П.А.Левашов өзінің аталған еңбегінде түріктер жайлы былай деп мәлімдейді: «Түріктер бүгінгі күні де осыдан 2-3 ғасыр бұрын I Мұрат, II Мехмет, Кануни Сүлеймен сұлтандар тұсында болғандай аса күшті, әрі ержүрек. Бұл халық өте кең пейілді, әдепті, марқабатты, берік, ақ ниетті және жарты миллионға жететін әскерін оп-оңай сапқа түзей алады. Бұл жерде керемет құрылыстар, мешіттер мен олардың мұнаралар, саудагерлер алаңы немесе керуен сарайы түнеп шығатын жерлер, моншалар көздің жауын алады, олардың барлығында да күмбездер бар. Мешіттердің арасында әулие София храмы да ерекше сәулетке ие. Түріктер христиан храмын қиратпастан сақтап отыруы олардың басты ерлігі» - деп суреттейді. Ал, бұл шығарманың «Түріктердің жатжұрттық елшілер мен министрлермен қатынасы жайлы» бөлімінде, П.А.Левашов: «Түріктер халық құқығы жайлы айтарлықтай түсіне бермейді. Өйткені, қоғамда әйел адамдардың құқығы аз, тіпті жоқ десе де болады. Алайда, бұл мұсылмандық қағидаларға негізделген болу керек. Жергілікті халық өздерін ерекше санайды, тіпті өз патшаларының әйелдерін де қарапайымдар қатарына жатқызып, сыйламай, өзгеше ережелерді ұстанады. Аудиенция кезіндегі ұятқа қалмай, кемсітуге душар болмаса, кез келген мемлекеттің елшісі Стамбулда біршама көңілді, сыйлы, рахат өмір сүре алады, тек осман үкіметінің адамдарымен және әсіресе сол мемлекеттің жеке тұлғаларымен ешқандай жағымсыз жағдайға ұшырамаса болғаны» - деп суреттейді. [13. 136 б.].

Сонымен қатар, П.А.Левашов түріктердің ерекше мінезі туралы: «Түріктер барлығы дерлік, холериктер, ыстық климатта өмір сүрген соң солай болса керек. Олардың ақылы мен дөрекілігі сыртқы келбеттерінде көрініс табады. Янычарлардың түрлері ерекше қаһарлы, ал олардың христиандарды жақтырмайтыны соншалық, егер сот төрелігі ұстап тұрмаса олардан күнделікті зұлмат қантөгістерді күтуге болар еді» - дейді. Ал, түріктердің өмір салты туралы бөлімде П.А.Левашов: «Түріктердің өмір сүру салты ерекше, мақтауға тұрарлық, түрік халқы салауатты. Алайда түріктер ләззатқа берілгіш, дегенмен өз күштерін азайтып, сезімдеріне балта шаппайтын шамада. Олар нан және жүзім шарабынан аулақ қашып, тамақты бірнеше рет қабылдауды жөн көреді. Темекіні барлық жерде, көп мөлшерде, көбінесе мүштікпен шегеді. Аңшылыққа сирек шығады, жеңіл еңбекті қалайды, ал ауыр жұмысты еріксіздерге тапсырады. Жас жігіттер өз қызығушылықтарына әскери жаттығуларды жатқызады, негізінен күреспен, ат шабыспен, суда малтумен, ату және найза лақтырумен айналысады» - деп көрсетеді. [13. 145 б.].

Қорыта айтқанда, Ресейдің Осман империясындағы арнайы өкілі қызметін атқарған П.А.Левашов II Екатерина тұсында Стамбулға арнайы миссиялармен жіберіліп, Стамбулда осман үкіметі адамдарының қаншалықты қарсылық көрсеткеніне және өзінің түрмеге қамалуына қарамастан, өзіне тапсырылған міндеттерді орындауға қол жеткізе алды. Осман империясына Ресейдің арнайы өкілі ретінде келген П.А.Левашов мұнда барлаушылықпен де айналысқан. Жоғарыда аталған фактілердің барлығы мұны толық дәлелдейді. Алайда, Ресей тарихнамасында П.А.Левашовтың қызметі Стамбулдағы орыс елшілігінің құрамындағы арнайы өкіл деп зерделенгенімен, оны барлаушы

ретінде қарастырмайды. П.А.Левашовты арнайы өкіл етіп жібергенімен оның қызметіне қарай отырып, тіпті Ресейдің Осман империясындағы тұрақты елшісіне теңестіруге болады. Өйткені, екі мемлекеттің арасында саяси шиеленістердің өршіп тұрған кезінде осындай қиын миссияларды орындаған П.А.Левашовтың бұл қызметі, 1768-1774 жылдары болған орыс-түрік соғысында Ресейдің жеңіске жетуіне өз септігін тигізе алды. П.А.Левашов Осман империясындағы тұрақты елшісі етіп ресми түрде бекітілмей, тек елшілік құрамындағы өкіл ретінде бекітілсе де, оның мұндай шеберлігін ескере отырып, оны тұрақты елшілер қатарында есептеген ІІ Екатерина, орыс-түрік соғысынан кейінгі жылдары Ресейдің Осман империясындағы тұрақты және өкілетті елшілері болған Н.В.Репнин, А.Стахийев, Я.И.Булгаков, М.И.Кутузов, В.П.Кочубей, В.С.Томара сияқты дипломаттарға, Ресейге П.А.Левашов сияқты қызмет етуді бұйырады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

1. А.Широкорад. Друзья и враги России. Турция пять веков противостояния. – М.: «Вече» 2009. – С. 400
2. Россия и Восток / Под ред. С. М. Иванова, -Б. Н. Мельниченко. СПб., 2000. – С. 103.
3. Мейер М. В.Османская империя в XVIII века. (черты структурного кризиса). – М., 1991. – С. 261
4. Данциг Б. М. Ближний Восток в русской науке и литературе. – М., 1973. – С. 434
5. Перминов П. Пасынок фортуны. К биографии П. А. Левашова // Альманах библиофила. Вып. 25. – М., 1989. – С. 154-164.
6. Сборник Моск. Глав. Архива МИД. 1893. Вып. 5. – С. 254.
7. Российская дипломатия в портретах [Текст] / [Г.А.Санин, А.Н.Шапкина, Г.И.Герасимова и др. Редкол.:А.В.Игнатъев и др.] – М.: Междунар. отношения, 1992. – С. 383
8. Pavel Artemyevič Levašov. Esir Bir Rus Diplomatın Gözünden İstanbul. Pavel Artemyevič Levašov'un Hatıraları 1763-1771. İstanbul. Yeditepe Yayınevi. 2012. – s. 142
9. Витол В. А. Османская империя (начало XVIII в.). – М., 1987. – С.136
10. Левашов П. А. Любопытная история славного города Одессы. – М., 1819.
11. П.А.Левашов. Картина или описание всех нашествий на Россию Татар и Турков – М.: Книга по Требованию, 2011. – С. 172
12. Путешествия по Востоку в эпоху Екатерины II. // Сост. А. А. Вигасин, С.Г.Карпюк. – М., 1995. – С. 100.
13. Левашов П. А. “Цареградские письма” СПб., 1790 – С. 434